

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 948 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1320 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 56 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.01.31 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын қызметтің негізгі мәні бойынша оларды ұйымдардың сатып алуы мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылмайтын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 948 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 34, 454-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын қызметтің негізгі мәні бойынша оларды ұйымдардың сатып алуы мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылмайтын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын :

"3. Қызметінің негізгі мәні 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) шеңберінде табиғи газды сатып алу оның маркетингі, тасымалдау және қайта өңдеу болып табылатын "ҚазРесейГаз" бірлескен кәсіпорны - жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Келісімге сәйкес сатып алатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер:

- 1) Қарашығанақ кен орнының табиғи газы;
- 2) Қазақстан Республикасында тұтынуға арналған газдың көлемін қоса алғанда, Ресей Федерациясының газ өңдеу зауыттарында Қарашығанақ кен орнының табиғи газын тасымалдау және өңдеу жөніндегі жұмыстар мен қызметтер ;
- 3) Қазақстан Республикасының ішкі нарығын айырбастау операцияларының

шеңберінде басым қамтамасыз ету мақсатында басқа көздерден алынатын табиғи газ және оны тасымалдау жөніндегі қызметтер.

Келісімнің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 948 қаулысының 2-тармағының орындалуын бақылауға жауапты мемлекеттік орган:

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

"

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК